



**Шаһарман Гүлжиһан Пішенбайқызы**

ф.ф.к., қауымдастырылған профессор Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы қ.  
e-mail: Shaharman-gp@mail.ru



**Оспанова Баянды Рамазановна**

ф.ф.к., Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы қ.  
e-mail: baiand\_80@mail.ru

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ-ҰЛТАРАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

**Аңдатпа.** Осы мақалада Қазақстанның жалпыұлттық азаматтық қоғамын біріктіруші фактор ретіндегі мемлекеттік тілі - қазақ тілін дамытудың маңыздылығы қарастырылған. Осы бағыттағы өзекті мәселелердің бірі ретінде жалпы қазақстандық жастарды тәрбиелеу барысындағы ұлттық құндылықтар мен азаматтық құндылықтардағы ерекшеліктер жан-жақты талданады.

Мемлекет құраушы ұлт өкілдері - қазақ жастарымен бірге, Қазақстанның болашағы үшін кез келген ішкі, сыртқы кедергілерге төтеп беретін, кездескен тығырықтан шыға алатындай, қазақ елін мекендейтін этностық топ өкілдерінің жастары да бір кісідей жұмыла әрекет ету қажеттігінің себептері мен маңызы талданған. Сонымен қатар университет жастарымен жүргізіліп жатқан студенттік «Бірлік» Ассамблеясының тәжірибесі туралы мәліметтер қамтылып, ұсынылған.

**Түйін сөздер:** ұлттық құндылық, мемлекеттік тіл, ұрпақ, болашақ, бірлік, өркениет, толеранттылық, қоғам, даму.

**Abstract.** This article examines the importance of the development of the state language - Kazakh as a unifying factor of the national civil society of Kazakhstan. As one of the urgent problems in this direction, national values and features of civic values in the course of educating Kazakhstan's youth in general are comprehensively analyzed.



The reasons and significance of the need for individual interaction of representatives of the state-forming nationality - Kazakh youth and representatives of ethnic groups inhabiting the Kazakh country, together withstanding any internal, external obstacles to the future of Kazakhstan, overcoming the collision are analyzed. Information about the experience of the student assembly «Birlik», held by the youth of the university, is also presented.

**Key words:** national value, state language, generation, future, unity, civilization, tolerance, society, development.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается важность развития государственного языка - казахского как объединяющего фактора общенационального гражданского общества Казахстана. В качестве одной из актуальных проблем в данном направлении всесторонне анализируются национальные ценности и особенности гражданских ценностей в ходе воспитания казахстанской молодежи в целом.

Проанализированы причины и значение необходимости единоличного взаимодействия представителей государствообразующей национальности - казахской молодежи и представителей этнических групп, населяющих казахскую страну, вместе выдерживающей любые внутренние, внешние препятствия для будущего Казахстана, преодолевающей столкновение. Также представлены сведения об опыте студенческой ассамблеи «Бірлік», проводимой молодежью университета.

**Ключевые слова:** национальная ценность, государственный язык, поколение, будущее, единство, цивилизация, толерантность, общество, развитие.

Ассамблеяның негізгі міндеті этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету екені белгілі. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы консультативтік кеңесші орган ретінде құрылды. Уақыт өте келе оның құқықтық мәртебесі кеңейіп, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, ұйымдық жағынан күшейді. Шынында да, бүгінде Ассамблея Қазақстан халқының ортақ мінберіне айналып, әлеуметтік мәні зор мәселелер кеңінен талқыланатын алаңға айналды.

Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекет қызметінің маңызды бағыты теңгерімді тіл саясатын жүргізу болып табылады. Сонымен қатар біздің мемлекетімізде 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүретіндігі белгілі мемлекет тарапынан осы ұлт өкілдерінің тілі, мәдениеті, өнері ұлттық құндылықтары жойылып кетпеуі үшін көптеген іс-шаралар жасалған. Атап айтқанда, достық үйлері, этномәдени орталықтар, кешкі мектептер, тіл орталықтары т.б.



Бірақ осы ұлт өкілдерінің негізгі өзегі ұлт құраушы оның дамуы мен қалыптасуында шешуші тарихи рөл атқарушы – қазақ ұлты. Сол үшін де қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтудің кешенді шаралары қолға алынып, Қазақстан халқының негізі қазақ мәдениетін өркендету ісі шешімін табуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл мәселеге аса үлкен мән беруде. Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі», – деді [1]. Сондай-ақ Президент қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келгеніне назар аудара отырып, мұндай дәрежеге жету үшін үкіметтік емес ұйымдардың да беделін арттыру қажет екенін атап өтті.

Бұл орайда Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшу міндеті белгіленгені мәлім. Аталған міндетті орындау елімізде тіл реформасын жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында: «Бізге қазақ тілін реформалау қажет, егер қаласаңыз, тілімізді жаңғырту керек» деген еді. Жаңа әліпбиге көшу, тіл реформасын жүзеге асыру – еліміздің ішкі саясаты саласындағы аса маңызды тың жоба. Үкімет осы бағыттағы ұйымдастырушылық жұмысты зор жауапкершілікпен атқаруы тиіс. Басқаша айтқанда, қазақ тілі өзінің табиғи, тұмса қалыбына қайта оралуы үшін осындай реформа жасауымыз керек.

Н.Назарбаевтың да бірқатар жаңашыл бастамалары да тіл саясатында, соның ішінде мемлекеттік тіліміздің қоғамдық өмірімізде кең көлемде жүзеге асуына зор серпіліс туғызып келді. 2006 жыл 11-17 мамырда «Ана тілі» газетінде жарияланған «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» [2] деген сұхбатында мемлекеттік тіл туралы маңызды мәселелер көтерілген.

Қалай дегенмен тіліміздің жай-күйі мемлекеттік тілге қатысты заңдар мен заңнамаларға да байланысты. Себебі, тіліміздің қоғамдық өмірден өз орнын алуы үшін алдымен оның нормативтік құқықтық жақтан толық қамтамасыз етілуі – басты мәселелердің бірі. «Ата Заңымыз» бен Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңына» сәйкес мемлекеттік тіліміздің мемлекеттік және қоғамдық үдерістердегі алатын орны мен рөлін нақты белгіленген. Бүгінгі таңдағы атқарылып жатқан жұмыстар мемлекеттік тілге қатысты қабылданған қаулылар негізінде жүргізіліп келеді. Дегенмен, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін нығайту мен кеңейту мақсатында тағыда басқа бірқатар заң жобалары мен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу қажеттілігін қазіргі уақыттың кейбір жағдайлары аңғартып отыр.

Мемлекеттік тілдің шын мәніндегі қолданысының көрінетін жері – мемлекеттік басқару орындары, заң шығару органдары, халықаралық қызметте қолданылуы. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді еркін меңгергендерді жұмысқа



тарту, оны қызметтік міндеттерін тікелей орындау кезінде қолданатын шараларды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар мемлекеттік деңгейде қаралып жатыр. Онда қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту үдерістері белгіленіп, қызметкерлердің қазақ тілін білу деңгейлерін бағалау жүйесін жасау жөнінде мәселе күн тәртібіне қойылып отыр. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білу деңгейін нақты бағалау мақсатында халықаралық тәжірибесін зерттей отырып, аталған жүйені әзірлеу тіліміздің мәртебесін артыру үшін жасалатын нақты шара болары даусыз.

Мемлекеттік тілді қоғамдық өмірімізге терең енгізудің бір бағыты – пәрменді үгіт-насихат шаралары мен бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалды іс-әрекеті екенінде дау жоқ. Осы мақсаттағы жұмыстарымыз қай бағытта, қандай деңгейде жүргізілуде деген мәселе көпшілікті мазалап жүр. Сондықтан да, елімізде тұратын әрбір ұлт тіл саясатын одан әрі жетілдіре отырып, алдымен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, оның қоғамдық салаларда қолданылуын жан-жақты дамытуды насихаттауға бағытталған ұйымдастыру іс-шаралары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Мемлекеттік тілдің дамуына жағдай жасауға қажетті толыққанды жүйе қалыптастыру, аталған бағдарламаны іске асыруға бағытталған бірыңғай талаптар мен тетіктерді анықтау, оларды талқылау мақсатында ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер бүкіл Қазақстан бойынша жүйелі өтіліп келе жатқанын айтуға болады.

Мемлекеттік тілдің әрі қарай дамыту перспективалары мен стратегиялық бағыттары, қазақ терминологиясын қалыптастыру, ономастика мәселелерін реттеу, әр түрлі ұлт өкілдерімен, шетелде тұратын қазақ ұлты өкілдерінің (диаспорасының) мәдени-тілдік сұраныстарын қанағаттандыру мәселелеріне арналған шаралары да өз нәтижесін беріп келеді. Осы сияқты бұқара мен жастарды, өскелең ұрпақты рухани-адамгершілікке, отаншылдыққа тәрбиелеу және олардың бойына тілге деген қызығушылықты қалыптастыру мәселелері бойынша да ауқымды іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан халқы тілдерінің дәстүрлі тіл мерекесі күндері өз деңгейінде өткізіліп келеді. Осы ретте мемлекеттік тіл саясатын насихаттауды қолдау мақсатында жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Үздік аудармашы», «Қазақ тілінің үздік оқытушысы», «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Мемлекеттік тіл және БАҚ» атты дәстүрлі байқаулар, «Туған тілім – тұғырым» атты республикалық ақындар айтысы нәтижелі болып келеді деп айта аламыз. Олардың мемлекеттік тілді дамыту мен насихаттауда алатын орны ерекше.

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпақ тәрбиесіне тілдік ортаның, әсіресе, теледидар, радио, электронды бейне құрал-жабдықтардың ықпалы өте күшті болып отырғаны шындық. Қазір қазақстандық қоғамның еңкейген қарты мен еңбектеген жасына дейінгілердің барлығы – теледидар арналарындағы бағдарламалар бойынша көрсетілетін киноларды тамашалап, түрлі кинолар



жазылған компакт дискілерді көріп жүр. Бірақ солардың басым көпшілігі – орысша немесе ағылшынша. Осы өнімдерді де мемлекеттік тілде дайындауға баса назар аудару қажет екенін бүгінгі күн талаптары аңғартып отыр. Бұл мәселені саралап, мемлекеттік дәрежедегі, теле арналарға мемлекеттік тапсырыстар бере отырып, сонымен қатар сырттан келетін түрлі аудио-бейне өнімдерді лицензияланған түрде жаппай қазақша аудару арқылы халыққа тарату негізгі іс-шаралардың қатарына жататыны анық.

Осылайша, жаңа технологияларды пайдалана отырып, қазақ тіліндегі түрлі думан, ойын, кино, ақпараттық-танымдық материалдардың ұлттық үлгісін жасаумен қатар шетелдік өнімдердің қазақша аудармаларын көптеп әзірлеп, жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбиені, отаншылдық рухты мемлекеттік тіл арқылы беруіміз аса қажет. Бұл мақсатта мемлекеттік тілде түрлі ақпараттық-танымдық материалдарды әзірлейтін, басқа тілдерден аударатын мемлекеттік орталықтар құрып, олардың мамандарын дайындайтын оқу орындарын ашып жұмыс істеу қажет екенін өмір көрсетіп отыр.

Рас, қазіргі жаһандану кезеңінде тілімізді дамытуға қажетті әлемдік барлық озық тәжірибелерді қамти отырып, тілімізді дамытудың қоғамдық-саяси, ақпараттық-коммуникациялық, ғылыми-техникалық жағын барынша қамтамасыз етуге тиістіміз. Ол үшін тілімізді дамыту, қолданыс аясын кеңейту мақсатында барлық мүмкіншілікті мейлінше тиімді пайдалануымыз қажет.

Мемлекеттік тілді дамыту бағытында алдымыздан шығып отырған күрделі де келелі, көкейкесті де өзекті мәселелерді зерделей отырып, сан-салалы жобаларды іске асыру қажеттілігі – қазіргі жаһандану заманының қатал талабы болып отыр. Себебі, бүгінгі таңда әлемнің әр ұлтын өз құндылықтарын танып-білуі және соларды бағалай отырып, өзінің ұлттық кескін-келбетін сақтап қалуы аса толғандыруда.

Көздеген мақсат-жобаларымыз ойға алғандай болып орындалып, халқымыздың мемлекеттік тілге деген ынтасы мен ықыласы артып, қоғамды қазақша сөйлете білсек, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жоғары көтерумен қатар сол арқылы қазақстандық жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелей алатынымыз анық.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бері қабылданған заңдарды, қаулы-қарарларды, соларға қатысты бағдарламаларды, жоспарларды және солардың нәтижелерін мұқият қарап, зерделеп пайымдасақ, ел жастарына отаншылдық рух дарытудың басты бағыттары мен басымдықтары мүмкіншілігінше айқындалғанын байқаймыз.

Еліміздің негізгі саясаты мен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі білім саясатының басты мақсат-мүддесі – қазақстандық өсіп келе жатқан жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу болуы тиіс. Көпұлтты Қазақстан азаматтарын білім саласы арқылы патриотизмге тәрбиелеуді дамыта беру стратегиялық мәнге ие. Қазақстан халқы Отан үшін аянбай адал еңбек етсе ғана еліміз тұрақты даму жолына түспек. Бұл жауапты міндет әлемдік тарих пен саяси тәжірибеде тек патриоттық



рух арқасында ғана жемісті болып жүзеге асатыны дәлелденген.

Тіліміздің келешегі туралы осы міндеттер қаншалықты күрделі, біреулерге сенімсіз болғанымен, жүзеге асырылатыны анық. «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ», – дейді халық даналығы. Әрине, бұл үшін көп еңбек етуіміз қажет.

Жас ұрпақ арасында ұлттық құндылықтарды насихаттап, азаматтық ар-ождан, намыс пен абырой туралы ой қозғап, отаншылдық мақтанш сезімін туғызуға күш салу, сонымен қатар Отанымыз – Қазақстан Республикасының өркендеп дамуы үшін тәлім-тәрбиелік жұмыстарды түпкі мақсат-мүддеге сай жүргізу қасиетті борышымыз, азаматтық парызымыз болуы қажет.

Қазақ тілі – дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп жатамыз. Ия, Қазақ тілі – өте бай тіл! Қазақ халқының бойына сіңген ата-бабаларымыздың тәлім-тәрбиесі, үлгі-өнегесі, біздің тұлға болып қалыптасуымызға себепкер болғаны, үлкен үлес қосқаны байқалатыны анық. Университеттің «Бірлік» Ассамблеясындағы әр ұлттың студенттері, көптеген іс-шараларға атсалысып, соның арқасында қазақ тілін жетік меңгеріп келеді. Мұны студенттердің өздері де жоққа шығара алмайды. Сонымен қатар әрбірі өз Отаны - Қазақстанның патриоты болып, өз мүмкіншіліктерін ұйымның арқасында паш етуде. Ал осы студенттердің ұлтына, дініне құрметпен қарап, талантын көре біліп, соны ары қарай дамытуына септігін тигізуді университет басшылығымен бірге, профессор-оқытушылардың міндеті болып табылады. Байқап қарасақ, барлығы тек студент ретінде аудиторияда ғана емес, бір-бірімен достық қарым-қатынаста кештер өткізіп, өте жақсы араласады, қазақ тілінде сөйлесіп, өз ойларын еркін жеткізіп отырады. Бұл татулықтың, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын» бірліктің белгісі. Қазақ қоғамындағы ертеңгі жарқын болашаққа деген сенімділіктің белгісі! Тіпті осы құрамда қазақша ән айтып, өлең жазып, кешегі Абай, Мұқағали өлеңдерін мәнермен жаттап жүрген студенттеріміз де бар. Мысалы, өзбек ұлтының өкілі Сүлейменова Бахор Абайдың 175 жылдығына өзі өлең арнап жазса, ұйғыр ұлтының өкілі Рафаэльқызы Румиля қара сөздерін жатқа айтып, еркін талдайды. Орыс ұлтының өкілдері Пономарев Денис Абайдың әнін шырқап, Лаврова Маша мен Боловнева Анжелика өлеңдерін жатқа оқыды. Әрине мұның барлығы қуанарлық жай. Менің ойымша, басқа университеттерде де, әр облыстағы мәдениет үйлерінде құрылып отырған мұндай ұйымдардағы мүшелер дәл біздің «Бірлік» Ассамблеясындағыдай жұмыс істеп жатқандарына еш күмәнім жоқ. Біздің тарапымыздан ешқашан өзге ұлтты студенттерімізге өз тіліңді ұмытсаң да, қазақ тілінде сөйлеуің шарт деген талаптар қойылмайды. Керісінше өз ана тілдерін құрметтеп, алдымен сол тілді жоғары қоюына, өздерінің өнері мен мәдениетін дамытуға үнемі мүмкіншіліктер жасалып отырады, бұған ешқандай кедергілер де болған жоқ. Өз ана тілін біліп, құрметтеген адам ғана өзге тілді де дәл осылай құрметтей алатын болады. Бұдан байқайтынымыз, баршаның мүддесін бір ету үшін, бірегей елдің тұтастығын сақтап, бір-бірімізге сыйлы болу үшін мемлекеттік тілдің орны орасан зор деп білемін.



Қорыта айтсақ, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағы халыққа Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» [3] - деген болатын, яғни, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңде жастардың да жауапкершілігінің зор екендігін көрсетеді. Бұл дегеніміз, отаншылдық сана-сезімді еліміздің қалың бұқарасына, әсіресе жас ұрпақ бойына берік қалыптастыруда күн тәртібінен түспейтін аса маңызды мәселе болып табылады. Отаншылдық сана-сезімді тәуелсіз еліміздің өскелең жастары бойына қазіргі таңдағы жаңғырған білім саясаты арқылы қазақстандық құндылықтар жүйесінің ең маңыздысы ретінде оқытып дарыта алсақ, еңбегіміз нәтижелі болары хақ.

#### **Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі». [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz> (қаралған күні 01.09.2021).
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде//Ана тілі, №19. 2006 жыл 11-17 мамыр.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.akorda.kz> (қаралған күні 02.09.2019)